***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:*** *«Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қыркүйек айы.*** ***Өтпелі тақырып:***«*Балабқша*»

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚтақырыбы:*** | ***«Біздің балабқшада»*** | |
| ***Күні: 09. 2021ж*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ТОП:*** | | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырату.*<br>*Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.*<br>*Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.*<br>*Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта), сондай-ақ балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас) ажырату.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас) ажырата алады.*<br>***Барлық балалар:*** *Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырата алады.*<br>***Көпшілік балалар:*** *Музыкалық шығарманың қарапайым формасын (кіріспе, қайырма) ажырата алады. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.*<br>***Кейбір балалар:*** *Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта), балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас) ажырата алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Балабақша туралы ойларын жеткізіп, балабақшадағы достары туралы әңгімелейді.*<br>*Көптілділік: балабақша – дет сад –*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *маракас, шығарма, дирижер, оркестр.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Әуен қалай өзгерді?*<br>*Қандай аспаптың дауысын естідің?*<br>*Мектепке не үшін барамыз?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Таныс әуендерге би элементтерін қосып, өз ойларынан суырыпсалма би көрсете біледі.*<br>*Үйренген әндердің көңіл күйін, сипатын бере орындайды.* | |

***ҰОҚ өтілу барысы***

| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ. Ұйымдастыру*** | ***Музыкалық сәлемдесу.*** *«Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу). Өткен сабақта ұстаз – тәрбиеші туралы ән айттық. Бүгін сол мамандық иелерінің жұмыс орны – балабақша туралы білетін боламыз.*<br>***Балабақшада.***<u>*Ернұр Сейдахмет*</u> | *Музыкалық сүйемелдеу*<br><br>*Мектеп туралы суреттер* |

| | | |
|---|---|---|
| *3-5 минут* | *Күлімдейді күніміз.*<br>*Көңілді ән-күйіміз.*<br>*Асыр салып жүреміз,*<br>*Тәртіп бұзбай жиі біз.*<br>*Білеміз біз, сұраңыз.*<br>*Жаттап алдық жыр-аңыз,*<br>*Тәрбиеші апайдың,*<br>*Айтқанын тез ұғамыз.*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Балабқша ережелері, қызметі туралы түсінік беру.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*...... минут* | ***(Т)Музыка тыңдау:Сөзі: Фариза Оңғарсынова Әні : Айжігіт Асанов«Достар»***<br>*«Үш түрлі көңіл күй» музыкалық-дидактикалық ойынын қолдану арқылы әннің көңіл күйін ажыратуға баулу.*<br>***(Т, Ж) Дауыс жаттығулары:*** *«Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.*<br>***(Т, Ж) Ән айтуБалабақша (әні мен сөзі Бота Бейсенованікі)*** *саған ұнай ма? Саған қандай сабақ қызықты? Әннің мазмұны туралы не айта аласың? Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Әннің кіріспе бөлімі мен қайырмасын ажыра білуге баулу. Айырмашылықтарын түсіндіру, талқылау. Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру.*<br>***(Т) Аспаппен танысу:*** *«Қандай аспап?» (муз Б. Дәлденбай, сөзі А. Меңжанова).. Әннің сөзін, әуенін айта отырып ұрмалы аспаптарда ойнауды жалғастыру. «Оркестр» және «әншілер» топтарына бөлініп, дирижер сайлау. «Дирижер», «оркестр» сөздеріне түсінік беру. «Оркестр» тобы аспаптарда ойнайды, «әншілер» әнді айтып, дирижердің көмегімен шығарманы орындайды. Ұлттық ойын «Етек-етек».*<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Балабқшаға не үшін барасың? Балабқшадан не үйренесің? Суретке қарап, өз балабақшаң туралы әңгімеле. Балабқшада сендерді кім күтіп алады? Кімдермен ойнайсың?*<br>***2.****Әнді мұқият тыңда. Не туралы айтылады? Көңіл күйі қандай?. Суретке қарап, музыкалық аспаптарды ата. Ұрмалы аспаптарды қоршап сыз. Орман тұрғындарына мектепке бару үшін жол көрсетіп, көмектес. Аюдың жолын көк сызықпен, түлкінің жолын сары, қоянның жолын жасыл, үкінің жолын қызыл түспен сызықтарды қосу арқылы балабқшаға жеткіз.*<br>*Жіп немесе үлкен формат.* | *Аудиожазба «Достар» (үнтаспа)*<br>*«Жаңғырық» дауыс жаттығуы*<br><br>*Нота хрестоматиясы. Музыкалық аспаптар немесе слайд суреттері* |

| | | |
|---|---|---|
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*……. минут* | ***(Р)*** *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, аяқпенен топылдат топ- топ* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қыркүйек айы.*** ***Өтпелі тақырып:****«Балабақша»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚтақырыбы:*** | *«Менің сүйікті достарым»* | |
| ***Күні: 09.2021ж.***<br>***09. 2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | ***«» ересек тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.*<br>*Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.*<br>*Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | ***Барлық балалар:*** *Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.*<br>***Көпшілік балалар:*** *Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп таза айта алады.*<br>***Кейбір балалар:*** *Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Таныс әндердің не туралы екенін айта алады. Әннің көңіл күйін, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.*<br>*Көптілділік: дос – друг.*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *Таныс әуен, қарапайым әуен, сүйемелдеумен, сүйемелсіз.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Музыка әуеніне ілесіп қимыл жасағанды ұнатасың ба?*<br>*Саған қандай әндер ұнайды?*<br>*Музыка тыңдағанды ұнатасың ба?*<br>*Көбіне қандай музыкалар тыңдайсың?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен сабақта әннің не және кім туралы айтылғанын естеріне түсіреді. Балалар тыңдаған музыкалары жайында өздерінің пікірлерін ортаға салады.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді.*<br>*Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.*<br>***Педагог:*** *Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?*<br>*«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларындағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.* | *Жүздері бал-бұл жанған бақытты балалардың суреттері* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Балалардың бақыты» (муз. Б. Әлімжан, сөзі С. Мәуленов). Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен* | *«Балалардың бақыты» әні* |

| | | |
|---|---|---|
| ***бойынша жұмыс***<br>*........ минут* | *пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.*<br>***Ән айту:*** *«Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.*<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.*<br>***2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы? Бұлбұл әдемі ән салады. Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен. Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет.* | *«Телқоңыр» күйі*<br><br>*«Достасайық бәріміз» әні*<br><br>*«Соқыртеке» әні* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*....... минут* | *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.*<br>*Смайлктер беру* | *Смайлктер* |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қыркүйек айы.** **Өтпелі тақырып:«Балабақша»**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:»** | **«Менің музыкалық әлемім** | |
| **Күні: 09. 2021ж** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ мақсаты** | Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.<br>Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық шығарманың сипатын ажыратады (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы). Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасайды.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән салады.<br>**Кейбір балалар:** Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнайды. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Өздері туралы, музыкаға деген құштарлығы туралы әңгімелей алады.<br>Көптілділік: ән – песня<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ән, әуен, музыка, әннің сипаты.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыка деген не?<br>Қандай әнді ұнатасың?<br>Қандай әндер білесің? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді. | |

**ҰОҚ өткізілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** Жеңіл әуенді бубен аспабында ойнап, балаларға кезекпен ырғақты сезіне орындауды ұсыну.<br>Музыка әлемі туралы мағұламат беру. Балалардың ой-қиялдары, армандары туралы | Бубен аспабы |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| ***Ұйымдастыру.*** *3-5 минут* | *әңгімелесу.* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы* ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** *минут* | ***Музыка тыңдау:*** *«Балалығым балғын шағым» (муз. Е. Ташев, сөзі Т. Қажыбаев). Тыңдаған әннен алған әсерлерін, мазмұны, көңіл күйі туралы сұрау, әңгімелеу (көңілді, ашық-жарқын т.б.) Әннің сипаттары туралы түсінік беру (мұңды, көңілді, салтанатты, ойнақы, қайғылы т.б).* ***Дауыс жаттығулары:*** *«Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен қол қимылдары арқылы жоғары, төмен көрсете білу. «Ән» сөзінің аудармасын үш тілде белгілі бір әуенмен әндете қайталату:* ***Ән айту:*** *«Мен елімнің ертеңі» (муз. мен сөзі Л. Мұқашева). Педагог әнді аспап-тың сүйемелдеумен орындап, балаларға сұрақтар қояды: – Қарқыны қандай? – Көңіл күйі қандай?* *– Ән мәтінінде не туралы айтылады? Бірнеше топтарға бөлініп, ән ырғағын шапалақтап, әрі қарай бубен ырғағымен көрсетуді ұсыну. Ырғақты дәл көрсете білуге үйрету.* ***Аспаппен танысу:*** *Бубен аспабымен таныстыру. Ұрмалы аспап екенін ұғындыру.* ***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *Қазақ биі «Айгөлек» (өңдеген Е. Лапин). Қазақтың кейбір ұлттық би элементтерімен таныстыру, суреттен көрсету. Балалар орындарынан тұрып, би қимылдарын қайталайды. Әуенге қосылып, мәнерлі қозғалыстар жасайды. Өздері ойдан шығарған би қимылдарымен көрсету. Екі топқа бөліну, бір топ би қимылдарын жасайды, екінші топ бубен аспаптарында ырғақпен ойнайды.* ***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Музыка әлемін қалай елестете аласың? Ән қандай көңіл күйде орындалды? Қай гүл әннің сипатына сәйкес келеді?* ***2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Қандай мамандық иелерін білесің? Ержеткенде кім болғың келеді?* | *«Балалығым балғын шағым» әні Интерактивті тақта «Балалық шақ» атты слайд көрсету* *Музыкалық сүйемелдеу* *«Мен елімнің ертеңі» әні* *Бубен аспаптары* *Би элементтері көрсетілген суретті материалдар* *Қазақ биі «Айгөлек» Аудио, бейнематериалдар* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** *............ минут* | *Бүгінгі ҰОҚ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қатты шапалақтаймыз, егер қызықты болмаса жай шапалақтаймыз.* | |

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметциклограммасы*
***Білім беру саласы:*** *«Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*
***Қыркүйек айы.*** ***Өтпелі тақырып:****«Балабақша»*

| | | |
|---|---|---|
| ***Тақырыбы:*** | ***«Мен өнерлі баламын»*** | |
| ***Күні: 09. 2021ж*** | | |
| ***ТОП:*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.*<br>*Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.*<br>*Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.*<br>*Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырыпсалу.*<br>*Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырату.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | ***Барлық балалар:****Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен айта алады. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты. мәнерлі қозғалыстар жасай алады.*<br>***Көпшілік балалар:****Қарапайым әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады. Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспабының көмегімен суырыпсалып айта алады.*<br>***Кейбір балалар:****Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырата алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:****Өнердің түрлері және өнер адамдары туралы айтып, ой-пікірлерін бөліседі.*<br>*Көптілділік:* ***ырғақ – ритм.***<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:****Ырғақ, шығарма, әннің мазмұны, өнерлі бала, өнерпаз.*<br>*Пікір алмасу сұрақтары:*<br>*Ән айтқанды ұнатасың ба? Неліктен?*<br>*Қандай әндерді, әншілерді білесің?*<br>*«Өнерлі өрге жүзеді» дегенді қалай түсінесің?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақта үйренген әннің 1-ші шумағын қайталап, бірге және жеке әндете орындайды. Әннің көңіл күйін ажыратады. Әуенге ілесе, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасап, би қимылдарын көрсетеді.* | |

***ҰОҚ өткізілу барысы***

| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***Ұйымдастыру*** | ***Музыкалық сәлемдесу.****Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету.*<br>*Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа бубен аспабымен әуенін ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ алмасады. Ән* | *Бубен аспаптары* |

| | | |
|---|---|---|
| *3-5 минут* | *жанрлары, әншілер туралы мағлұмат беру.* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Музыка тыңдау:****«Күзгі вальс» (муз. А. Досмағамбет). «Балдырғандар маршы» (муз. К. Қуатбаев). Балалар шығарманы тыңдап, әуеннің сипатын анықтайды. Алған әсерлерін бөліседі. Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің? Шығарманың қарқыны қандай?*<br>***Дауыс жаттығулары:****«Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. «Күшті» бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, «әлсіз» бөлігінде ақырын орындау.*<br>***Ән айту:****«Мен өнерлі баламын» (муз. М. Омаров, сөзі Г. Жотаева). Әнді орындап, мазмұны туралы әңгімелесу. Өнер және музыкалық мамандықтар (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер туралы мағлұмат беру.Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен? «Ырғақ» деген сөздің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету: ырғақ – ритм*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:****Полька (Б. Сметан). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Би ырғағын аяқ топылдату, шапалақтау арқылы есте сақтауға үйрету. Би элементтерін жұптасып бірге қайталау, қарқынын сезіне мәнерлеп қозғалуға баулу. Ұлттық ойын. «Ақ терек, көк терек».*<br>***1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:****«Мен өнерлі баламын» әнінің мазмұнына қай сурет лайықты? Неліктен сол суретті таңдадың? Өнерлі балаға қажетті заттарын тауып беруге көмектес. Аса қажетті құрал не деп ойлайсың? Неліктен бұл затты таңдадың?*<br>***2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:****«Күзгі вальс» әуенін мұқият тыңда. Ырғағын ажырат. Әуен көңілді ме әлде көңілсіз бе?* | *«Күзгі вальс», «Балдырғандар маршы» музыкасы Күз мезгілін бейнелейтін түрлі түсті сурет «Жаңғырық» дауыс жаттығуы*<br><br>*«Мен өнерлі баламын» әні Балалар хорының, белгілі әншілердің суреті немесе слайд*<br><br>*Полька (Б. Сметан) Аудиожазбалар, бейнематериалдар* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.......минут* | ***(Р)****Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.*<br>*Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***
***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*   ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*
***Қазан айы.***   ***Өтпелі тақырып:«****Менің отбасым»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Отбасым –бақытым»*** | |
| ***Күні:*** ***10. 2021ж*** | | |
| ***ТОП:*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – «құс», орташа – «қоян», төмен – «аю») анықтау.*<br>*Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.*<br>*Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | ***Барлық балалар:*** *Музыкалық шығарманың қарапайым формасын (қайырмасын, кіріспесін) ажырата алады.*<br>***Көпшілік балалар:*** *Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.*<br>***Кейбір балалар:*** *Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – «құс», орташа – «қоян», төмен – «аю») ажырата алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Отбасы туралы әңгімелей алады. Отбасы мүшелері кімдер екенін ажыратады.*<br>*Көптілділік: отбасы – семья*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *Әуен, ырғақ, қалып.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Аналарың ұйықтар алдында қандай ән айтады?*<br>*Сендер аналарыңа қандай ән айтасыңдар?*<br>*Саған қандай аспапта ойнаған ұнайды?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен сабақта қандай ән айттыңдар?*<br>*Музыка тыңдаған сендерге ұнай ма?*<br>*Әнде кім, не туралы айтылғанын еске түсіру.* | |

***ҰОҚ өтілу барысы***

| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру.***<br>*3-5 минут* | *Балалар көңілді музыка әуенімен келеді. Педагогпен әндетіп амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, би қимылдарынан элементтер жасайды.*<br>*– Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер?*<br>*– Отбасыларыңда кімдер бар?*<br>*– Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *атайды.*<br>*Бүгінгі әніміз де, тыңдайтын әуеніміз де осы тақырыпта болмақ.*<br>*Әуеннің қарқынын, динамикасын, регистрін талдап, түсіндіру.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*...... минут* | ***Музыка тыңдау:****«Бесік жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі С. Жиенбаев). Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау. Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет беріңіз. Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұрау.*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау.*<br>*Дауысты ашық «а» дыбысын дөңгелете айтуға жаттықтыру.*<br>***Ән айту:*** *«Әже тілегі» (муз. мен сөзі Т. Қоңыратбай).*<br>*Педагог әнді сүйемелдеумен орындап, балаларға мәтінін қайталатып үйретеді.*<br>*Ән кім туралы айтылып отырғанын естеріне салып, сезіммен айтуды ұсынады. Ән айту барысында сүйемелсіз балаларға қайталатып, есту қабілетін тексеріңіз.*<br>***Аспаппен танысу:*** *«Қандай аспап?» (муз. Б. Дәлденбай). Балалар музыка аспаптарының тембрі (бояуы) арқылы қай аспап ойналып жатқанын ажыратады.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:***<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Сенің отбасыңда қандай отбасылық мерекені атап өтеді? «Өнерлі отбасы» атану үшін отбасы мүшелеріне қандай сыйлық заттар ұсынар едің? Суреттегі қай жануардың дауыс биіктігі, ырғағы бесік жырының әуеніне ұқсайды?*<br>***2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Ән кімдер туралы? Анаң мен әкеңнің анасын қалай атайсың? Өз отбасың туралы әңгімеле. Суретті мұқият қарап, әженің киімдерін сипатта. Музыкалық аспаптарды ата.* | *«Бесік жыры» әні Аспаптың сүйемелдеуімен*<br><br>*«Әже тілегі» әні*<br><br>*Сылдырмақ, даңғыра, ысқырық аспаптары* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.............. минут* | *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. Смайктер беру* | *Смайлктер* |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:*** *«Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қазан айы.*** ***Өтпелі тақырып:****«Менің отбасым»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Мен бақытты баламын»*** | |
| ***Күні:*** ***10. 2021ж*** ***10.2021ж*** | ***2-сағат*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ТОП:*** | | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.* *Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).* *Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).* *Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын).* *Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырату.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | ***Барлық балалар:*** *Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.* ***Көпшілік балалар:*** *Музыкалық шығарманың сипатын ажырата біледі (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы)* ***Кейбір балалар:*** *Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарай ажырата алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Әуеннің сипатын, көңіл күйін, өз ойларын жеткізе әңгімелей біледі.* *Көптілділік: көгершін – голубь* ***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *Марш, күй, жоғары-төмен.* ***Пікір алмасу сұрақтары:*** *Музыкадан қандай әсер алдың? Тыңдаған әнді қалай бейнелер едің? Әннің мәтіні не туралы?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Музыкалық шығарманың түрлерін ажырата біледі. Өз ойларын еркін* *Өткен сабақтарда алған білімдерін көрсете алады, музыкалық шығарманың түрлерін ажырата біледі. Өз ойларын еркін жеткізе әңгімелейді.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*** *0-2 минут* ***ІІ. Ұйымдастыру*** | ***Музыкалық сәлемдесу.*** *«Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу).* *Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптар тыңдалады. – Бақыт деген не? – Бақытты болу үшін не істеу керек? – Достарыңа бақытты болу үшін қандай тілек айтасың?* | ***Музыкалық сүйемелдеу*** |

| | | |
|---|---|---|
| *3-5 минут* | | ***Доп*** |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*............минут* | ***Музыка тыңдау:*** *«Ақ көгершін» (муз. Қ. Қалқатаев, сөзі Е. Баят).*<br>*«Еркін самғап ұшсын» деп,*<br>*Мәпелейміз, баптаймыз.*<br>*«Бейбітшілік құсы» деп,*<br>*Қайсы құсты біз мақтаймыз? – Ән сендерге ұнады ма? Неліктен? Ән қанша бөліктен тұрады? Мазмұнын әңгімелеп беруді ұсыну.*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Тақ-тұқ», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары. Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету.*<br>***Ән айту:*** *«Біз бақытты баламыз» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова). Балалардан ән мазмұны мен көрнекі суреттердің өзара байланысын сұрау. Әнді бубен, асатаяқ, тұяқтас аспаптарының сүйемелдеуімен орындау. «Бейбітшілік құсы көгершін» деп таныстыру.*<br>*Көгершін – голубь деп екі тілде қайталап үйрету.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Қазіргі би ырғағы» (муз. Е. Лапин). Музыкалық шығарманың сипатын мағыналы түрде көрсетуге дағдыландыру. Заманауи би элементтерін Полька (Б. Сметан), ұлттық би («Айгөлек») түрлерімен салыстыру, айырмашылықтарын түсіндіру.*<br>***1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Бейбітшілікті сен қалай елестетесің? Бұл ән қандай құс туралы? Әннің қарқыны, көңіл күйі қандай? Сен бұл құсты білесің бе? Мына құстардың арасынан көгершінді тауып, белгіле.*<br>***2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Әннен қандай әсер алдың? Осы әннің көңіл күйіне сәйкес қай түсті шарды қалар едің? Қажетті аспаптарды әншінің суретіне сызық арқылы қос. Қандай би түрлерін білесің? Қандай ырғақта билегенді ұнатасың? Бүгінгі үйренген әнге қалай билер едің? Өз таңдауыңды көрсет.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.....минут* | ***(Р)*** *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы:** *«Шығармашылық»* **Оқу қызмет түрі:** *Музыка*

**Қазан айы.** **Өтпелі тақырып:** *«Менің отбасым»*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | | **«Бағдаршам бағыт береді»** | |
| **Күні:** **10. 2021ж** | | 1 сағат | |
| **ТОП:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен орындау<br>Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен орындау дағдылары меңгерген.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Жолда жүру ережелерін еске түсіреді. Бағдаршамның жұмысы туралы әңгімелейді.<br>Көптілділік: бағдаршам – светофор<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Бағдаршам, сурыпсалма, мәнерлі, үш түрлі көңіл күй.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Бағдаршам түстерінің қызметі туралы не білесің?<br>Жол ережесін жатқа білесің бе?<br>Неліктен көліктер жүретін жолда велосипедпен жүруге тыйым салынған? | | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта үйренген әннің 1-шумағын қайталап, бірге және жеке әндете орындайды. Әннің көңіл күйін ажыратады.<br>Әуенге ілесе оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасап, би қимылдарын көрсетеді. | | |
| **ҰОҚ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру** | **Музыкалық сәлемдесу.** Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету.<br>Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа ұрмалы аспаптармен әуеннің ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ | | Музыкалық сүйемелдеу<br>Жол ережелері белгісі бар суреттер Ұрмалы аспаптар |

| | | |
|---|---|---|
| *3-5 минут* | *алмасады.* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*....... минут* | ***Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру.***<br>*Үш көзді батыр,*<br>*Жол көрсетер батыл.*<br>*Үш көзі үш түрлі:*<br>*Қызыл, сары, жасыл. Бұл не?*<br>*Бағдаршам туралы толық мәлімет беру, түсіндіру.*<br>***Музыка тыңдау:*** *«Бағдаршам» (муз. Н. Дүкенбаев, сөзі С. Дүкенбаев).*<br>*– Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің?*<br>*– Шығарманың қарқыны қандай?*<br>*– Әннің мазмұнында не туралы айтылады?*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу.*<br>*Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.*<br>***Ән айту:*** *«Бағдаршам» (муз. Қ. Қайым, сөзі Ә. Табылды).*<br>*– Әннің мазмұны туралы не айта аласың?*<br>*– Қарқыны тез бе әлде жай орындала ма?*<br>*Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру. «Бағдаршам» сөзінің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету:*<br>*бағдаршам – светофор*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Айжан қыз» (Құрманғазы). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Ұлттық би элементтерін, би ырғағын есте сақтауға үйрету, қарқынын сезіне мәнерлеп билеу. Вальс, марш жанрларымен салыстырып, ерекшеліктерін ажыратуға, әуен ырғағына сәйкес қозғалуға баулу.*<br>***1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Әнді мұқият тыңдап, бағдаршамның қызметін анықтап, есіңе сақта. Суретке қарап, бағдаршамның үш түрлі көңіл күйін әңгімеле.*<br>***2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Бағдаршам не үшін қажет? Мына суретте жолда жүру ережесін бұзғандар бар ма? Қайсысы дұрыс? Таңдаған суретіңді дөңгелекті бояп көрсет.*<br>*Суреттегі көліктердің қайсысы бағдаршамның қызметін қажет етпейді? Неліктен? Қайсысы қалай қозғалатынын әңгімелеп бер.* | *«Бағдаршам» әні*<br><br>*«Жаңғырық» дауыс жаттығуы*<br><br>*«Бағдаршам» әні*<br><br>*«Айжан қыз» күйі*<br>*Аудиожазбалар, бейнематериалдар* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.*<br>*Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.* | |

| .........минут | | |
|---|---|---|

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*

***Қазан айы.*** ***Өтпелі тақырып:****«Менің отбасым»*

| | | |
|---|---|---|
| ***Тақырыбы:*** | ***«Күз - жомарт», «Алтын күз»*** | |
| ***Күні: 10. 2021ж***<br>***10. 2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ТОП:*** | | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | ***Барлық балалар:*** *Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.*<br>***Көпшілік балалар:*** *Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.*<br>***Кейбір балалар:*** *Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:***<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:****көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды.* | |

***ҰОҚ өтілу барысы***

| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Музыка жетекшісібалаларды қарсы алады,амандасады:*<br>*- Сәлеметсіңдер ме,балалар!(до, ре, ми, фа, соль, соль,ля, ля, соль)*<br>***Ән тыңдау: «Тамшылар»****(М.Жәутіков). Балаларды шеңбербойымен жүргізіп,жеңіл би ырғақтарынажаттықтырады, үйретеді.Би элементтеріне, өзорындарына тұруды қалыптастырады.*<br>***Қимылды ойын: «Өзорныңды тап!»*** *Бұлойын балаларды ойлау қабілеттерінедағдыландырады, зейініноятады.*<br>*Балаларды зал бойыменжеке-жекетөрт қатарға тұрғызады,*<br>*өз орындарын, кімніңартында, кімнің алдындаекенін көріп алулары керек.Музыка әуені басталғандабалалар еркін ырғақтарменжүгіре билейді. Музыкатоқтап, «Өз орныңды тап!»- деп музыка жетекшісібелгі бергенде балаларалғашқы орындарынатұра қалуға үйренеді.*<br>*Бұл тапсырманы ойынретінде залға келген сайын* | *бейнетаспа, опера үзінділері, үнтаспа, желпуіш.* |

| | | |
|---|---|---|
| | *ойнатып үйретсе, балалареркін тұруға қалыптасады.*<br>***«Өз жұбыңды тап!»****ойыны да осылай ұйымдастырылады. Төрт, болмаса үш қатарғажұппен түрғызылады, әрі қарай ойын дәл солайжалғастырылады.*<br>***«Музыка бояулары»****ойынында балалардымузыка тембрі, ырғағы,мажор, минорладтарымен ойын арқылымузыка бояуларын білугебаулимыз.* | |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......... минут* | *Балаларға интерактивтітақта, ширма арқылы битүрлерін көрсетеді: вальс,полька, марш, қазақ биін.*<br>*Опера және балет театрының бейне таспасынан үзінділерді тыңдайды, көреді.Жанр түрлерін қайталапайтқызады, үйретеді.*<br>*Балаларға музыканың әртүрлі бояулардан жасалатынын түсіндіреді.*<br>*Жоғары және төмендыбыстар – көтеріңкіжәне баяу қимылдардысипаттайды.*<br>***Музыка тыңдау:***<br>***«Күз»*** *жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.*<br>***Ән үйрену****: «Бұл қайкезде болады? Күз»(Б.Ерзакович, Ш.Ахметов*<br>***Би:*** *«Кел, билейік» (Б.Байқадамов,М.Әлімбаев).*<br>*Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген).*<br>*Балалардың қолына түрлі -түсті желпуіштер таратады.*<br>*Өте баяу музыка – сарытүс.Баяудан бірте-бірте көтеріледі - ақшыл жасыл. Көтеріңкі - жасыл*<br>*Жоғары дыбыс - қызыл.Оң қолымен музыкадыбыстарын төмен,орташа, көтеріңкі көрсетіп,тыңдайды (жаттығу үлгідекөрсетілген).*<br>*Балаларға күз мезгілініңтүстерін, құбылысынтүсіндіреді.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*............ минут* | *Ән сөзін сезіне айтуға үйретеді.*<br>*музыканың динамикалық түрлерін ажыратуды.* | |

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

*Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Музыка*

*Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып:«Менің Қазақстаным»*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | | **«Туған жерім – тұғырым»** | |
| **Күні:** | **12. 2021ж** | 1 сағат | |
| **ТОП:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Отаны, тұратын жері туралы әңгімелейді. Туған жері, елі туралы тақпақ-өлеңдер айтады.<br>Көптілділік: салтанатты – торжественный<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Өз туған жеріңе деген қандай тілектерің бар?<br>Естіген әуенді қалай сипаттар едің? Туған жеріңнің табиғатын суреттеп бер. | | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады.<br>Үйренген әндерді еркін орындайды, алған әсерлерін, толғаныстарын еркін сипаттайды, әңгімелейді. | | |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | *Ресурстар* |
|---|---|---|
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ. Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Музыкалық сәлемдесу.*** *«Сәлем! Привет! (әндете амандасу).*<br>*Мимикалық жаттығу: «Көңілді және мұңды». Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, мимикамен көңіл күйін көрсетеді.*<br>*Туған жерге құрақ болам,*<br>*Шуақ болып жылынар.*<br>*Туған жерге бұлақ болам,*<br>*Шөл қандырар суы бар.*<br>*Өлең жолдарын қайталатып, еске сақтауға талпындыру.* | *Музыкалық сүйемелдеу*<br>*Үлестірмелі карточкалар*<br>*«Туған жер» тақырыбына салынған түрлі суреттер немесе интерактивті тақта, слайдтар* |

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*....минут* | ***Музыка тыңдау:*** *«Туған жер» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі С. Жиенбаев). – Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады? Әннің қарқынын ажыратып, мәтінін суреттеп беруді ұсыну. «Туған жер» әнінің мазмұнын көрсететін суретті таңда.*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.*<br>***Ән айту:*** *«Егемен ел – Қазақстан» (муз. мен сөзі Н. Алғашбаев).*<br>*Көк байрақтың бетінде,*<br>*Қыран бүркіт қанатты.*<br>*Сол қырандай еркіндеп,*<br>*Бала өседі талапты. (М. Әлімбаев)*<br>*Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Әнді орындап, алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау.*<br>*– Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен?*<br>***Музыкалық-дидактикалық ойын:*** *«Үш көңіл күй» «Марш» (муз. В. Соловьев-Седой), «Полька» (муз. И. Штраус), «Вальс» (муз. Э. Григ); «Бесік жыры» (Б. Дәлденбай). Музыка жанрларын ажыратуға ықпал ету, сәйкес карточкаларды көрсету.*<br>***1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Айжан қыз қандай әуенге билейді?*<br>*Биге қандай киім үлгісін ұсынар едің? Киімдерді ата. Айжанның қазақша тақиясының суретін тап*<br>***2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Егемен еліміздің қандай рәміздерін білесің? Оларға сипаттама бер. Әнді орындағанда көз алдыңа не елестете аласың?*<br>*Өз елің туралы әңгімелеп бер.*<br>*Суреттегі биші қыздардың киім үлгісіне сәйкес ұлттық баскиімдерін таңдап, кигіз.* | *«Туған жер» әні*<br><br>*«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары*<br>*«Егемен ел Қазақстан» әні*<br><br>*«Менің Қазақстаным» атты слайдсуреттер*<br><br>*«Үш көңіл күй» («Марш», «Полька», «Вальс»), «Бесік жыры» әндері Үлестірмелі карточкалар* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметциклограммасы***
***Білім беру саласы: «****Шығармашылық»*     ***Оқу қызмет түрі:*** *Музыка*
***Желтоқсан айы.   Өтпелі тақырып:****«Менің Қазақстаным»*

| | | |
|---|---|---|
| ***Тақырыбы:*** | ***«Мен Отанымды сүйемін»*** | |
| ***Күні:*** ***12. 2021ж*** | ***2 сағат*** | |
| ***ТОП:*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау.*<br>*Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.*<br>*Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | ***Барлық балалар:****Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.*<br>***Көпшілік балалар:****Қарапайым әуендерді сүйемелдеусіз таза интонациямен айта алады.*<br>***Кейбір балалар:****Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:****Туған жері, қаласы, ауылы туралы әңгімелейді. Отан, Қазақстан туралы тақпақ-өлеңдер айтады*<br>*Көптілділік: көңілді – веселый*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:****Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты.Пікір алмасу сұрақтары:*<br>*Біздің Отанымыз қандай? Елордамыз Астана туралы не білесің?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Музыкалық сәлемдесу.***<br>*Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді:*<br>*– Сен қай мемлекетте тұрасың?*<br>*– Қазақстанның қандай қалаларын білесің?*<br>*– Отан, туған жер туралы қандай ән білесің* | *Доп* |

| | | |
|---|---|---|
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......... минут* | ***Музыка тыңдау:***«*Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың?*<br>***Дауыс жаттығулары:***«*Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.*<br>***Ән айту:***«*Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов).*<br>*Отан – туған еліміз,*<br>*Отан – туған жеріміз.*<br>*Отан – ортақ үйіміз,*<br>*Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету.Ән көңілді екпінде орындалатынын ерекше атап айту.Көңілді – веселый*<br>***Аспаппен танысу:***Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету.*<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:****Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не?  Достарыңа әңгімелеп бер.*<br>***2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:****Керуен деген не? Сен өз керуеніңе үй жануарынан қайсысын таңдар едің? Суреттегі музыкалық аспаптар қалай аталады? Мына музыкалық аспаптардың саған қайсысы таныс? Олар қалай аталады? «Сәулем-ай» халық әнін орындау үшін қазақтың ұлттық аспаптарынан оркестр құрайық.* | *Аудиожазбалар «Керуен» музыкасы Керуен бейнеленген сурет*<br><br>*«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары*<br><br>*«Отаным» әні*<br><br>*«Менің Отаным – Қазақстан» атты слайд немесе түрлі түсті суреттер*<br><br>*«Сәулем-ай» әні Асатаяқ, тұяқтас, бубен аспаптары* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*............ минут* | ***(Р)****Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.  – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:** «Шығармашылық»* ***Оқу қызметі түрі:*** *Музыка*

***Желтоқсан айы.*** *қ* ***Өтпелі тақырып:****«Менің Қазақстаным»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Айнала ақша қар»*** | |
| ***Күні: 12. 2021ж.*** | *2 сағат* | |
| ***Сынып/ТОП:*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.*<br>*Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.*<br>*Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және топпен күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | ***Барлық балалар:*** *Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады. Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен таза айта алады.*<br>***Көпшілік балалар:*** *Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда жеке күрделі емес ырғақты суреттерді ойнай алады.*<br>***Кейбір балалар:*** *Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Балалар:*** *Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады. Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады.*<br>*Көптілділік: қар – снег*<br>***Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:*** *Ырғақ, кіріспе, қайырма, ансамбль, жай және жылдам, асықпай, тез.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:***<br>*Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің?Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма?* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II. Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Балалармен әндетіп амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды еске түсіріп, үзінділер айту. «Қандай музыка тыңдадық?» деген сұрақтарға толық жауап талап ету. Табиғатта неше түрлі құбылыстар болатынын білеміз. Қазір жылдың қандай мезгілі, бұл кезде қандай құбылыстар болады, не жауады? Қыста қандай ойындарды көп ойнайсыңдар? Әрине, шанамен сырғанақ тебесіңдер, аққала соғасыңдар, міне, бүгінгі сабағымыз осы тақырыптың айналасында өтеді.* | *Қыста көңілді балалардың сырғанақ теуіп жүрген, аққала жасап жүрген суреттері* |
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>***III. Тақырып*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Сырғанақ» (муз. Ө. Байділдаев, сөзі Ә. Тәжібаев). Әннің мазмұнын, алған әсерлерін, көңіл күйін сұрау.* | *«Сырғанақ» әні* |

| | | |
|---|---|---|
| ***бойынша жұмыс*** <br> *........ минут* | *Әннің қайырмасы қайсы, кіріспесі қайсы екенін ажыратуға үйрету.* <br> ***Дауыс жаттығулары:*** *«Жоғары шығамыз, төмен түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен, дауысқа қатты күш түсірмей орындау.* <br> ***Ән айту:*** *«Зырлайды шанамыз» (муз. М. Маңғытаев, сөзі Қ. Ыдырысов). Әнді тыңдап, мәтініне көңіл аудару. Әннің көңіл күйін, жылдамдығын, ырғағын ажырату. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіру, әннің сөзін таза айту, бірін-бірі тыңдап, үндесіп айтуға машықтандыру.* <br> ***Аспаппен танысу:*** *«Музыкалық аспаптарға арналған этюд» (муз. Ф. Госсек). Ұрмалы аспаптарда ырғақты сақтай отырып педагогтің сүйемелдеуімен ансамбльде ойнау.Балалардың есту қабілеттерін дамыту, ырғақты (ритм) дұрыс ұстай алмаған балалармен жеке жұмыс жасау. Ұлттық ойын «Ормандағы аю».* <br> ***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Әнді тыңдап, суретке қарап әңгіме құрастыр. Суреттегі екі аққаланың қандай айырмашылықтары бар?* <br> *Екінші аққалаға не жетіспейді?* <br> ***2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Қыста көңілді, қызық ойындар өте көп. Қысқы ойындарға арналған заттарды ата және ойын түрлерін ата* | *«Зырлайды шанамыз» әні* <br> <br> *«Музыкалық аспаптарға арналған этюд»* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** <br> *....... минут* | *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау* | |

| | | |
|---|---|---|
| **бойынша жұмыс**<br>*........ минут* | *Әннің қайырмасы қайсы, кіріспесі қайсы екенін ажыратуға үйрету.*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Жоғары шығамыз, төмен түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен, дауысқа қатты күш түсірмей орындау.*<br>***Ән айту:*** *«Зырлайды шанамыз» (муз. М. Маңғытаев, сөзі Қ. Ыдырысов). Әнді тыңдап, мәтініне көңіл аудару. Әннің көңіл күйін, жылдамдығын, ырғағын ажырату. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіру, әннің сөзін таза айту, бірін-бірі тыңдап, үндесіп айтуға машықтандыру.*<br>***Аспаппен танысу:*** *«Музыкалық аспаптарға арналған этюд» (муз. Ф. Госсек). Ұрмалы аспаптарда ырғақты сақтай отырып педагогтің сүйемелдеуімен ансамбльде ойнау.Балалардың есту қабілеттерін дамыту, ырғақты (ритм) дұрыс ұстай алмаған балалармен жеке жұмыс жасау. Ұлттық ойын «Ормандағы аю».*<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Әнді тыңдап, суретке қарап әңгіме құрастыр. Суреттегі екі аққаланың қандай айырмашылықтары бар?*<br>*Екінші аққалаға не жетіспейді?*<br>***2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Қыста көңілді, қызық ойындар өте көп. Қысқы ойындарға арналған заттарды ата және ойын түрлерін ата* | *«Зырлайды шанамыз» әні*<br><br>*«Музыкалық аспаптарға арналған этюд»* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*....... минут* | *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***бойынша жұмыс***<br>*........ минут* | *Әннің қайырмасы қайсы, кіріспесі қайсы екенін ажыратуға үйрету.*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Жоғары шығамыз, төмен түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен, дауысқа қатты күш түсірмей орындау.*<br>***Ән айту:*** *«Зырлайды шанамыз» (муз. М. Маңғытаев, сөзі Қ. Ыдырысов). Әнді тыңдап, мәтініне көңіл аудару. Әннің көңіл күйін, жылдамдығын, ырғағын ажырату. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіру, әннің сөзін таза айту, бірін-бірі тыңдап, үндесіп айтуға машықтандыру.*<br>***Аспаппен танысу:*** *«Музыкалық аспаптарға арналған этюд» (муз. Ф. Госсек). Ұрмалы аспаптарда ырғақты сақтай отырып педагогтің сүйемелдеуімен ансамбльде ойнау. Балалардың есту қабілеттерін дамыту, ырғақты (ритм) дұрыс ұстай алмаған балалармен жеке жұмыс жасау. Ұлттық ойын «Ормандағы аю».*<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Әнді тыңдап, суретке қарап әңгіме құрастыр. Суреттегі екі аққаланың қандай айырмашылықтары бар?*<br>*Екінші аққалаға не жетіспейді?*<br>***2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Қыста көңілді, қызық ойындар өте көп. Қысқы ойындарға арналған заттарды ата және ойын түрлерін ата* | *«Зырлайды шанамыз» әні*<br><br>*«Музыкалық аспаптарға арналған этюд»* |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*....... минут* | *Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау* | |